МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

География пәні мұғалімдерінің «ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

Ақтау қаласы 2020ж

География пәні мұғалімдерінің «Далалық зерттеу жұмыстары» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. **Мақсаты**:

Жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтары арасында геологиялық өлкетануды дамыту.

2. **Міндеттері:**

- туристік дайындық бойынша мұғалімдердің практикалық дағдыларының сапасы мен деңгейін айқындау;
- далалық зерттеу дағдыларын практика жүзінде іске асыру;
- педагогтарды геология саласы бойынша шығармашылыққа тарту.

2. Байқауды ұйымдастыру орны мен уақыты

Байқау **2020 жылдың 30 қазан** күні Ақтау қаласында өткізіледі. Өтетін орны қосымша хабарланады.

Қатысуға өтінім аудан, қалалық білім бөлімдері басшыларының қолдарымен ***2020 жылдың 23 қазанға*** дейін Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығының e-mail: **ocdt-2017@mail.ru** электронды поштасында қабылданады Өтінімде қатысушылардың тегі, аты-жөні, білім беру ұйымы, команда жетекшісінің аты-жөні, қызмет лауазымы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Орталықтың мекен-жайы:

Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №8 ғимарат, 101 кабинет.
Байланыс телефоны: 8/7292/605400.

3. Байқауға қатысушылар

1. Байқауға аудандық, қалалық жарыстардағы жеңімпаз командалар қатысады.

2. Команда құрамы 3 қатысушыдан құралады. Облыстық байқауда қатысушылар атқарған жұмыстарын бейнеролик, слайдтар арқылы қорғайды. Бірыңғай формада киінуі тиіс.

3. Іссапар кезіндегі қатысушылардың өмірі мен денсаулығына жетекші жауап береді.

4. Команда жетекшісі Ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсырады:

- Қатысушыларды (тізім) және команда жетекшілерін аудан, қалалық байқаудың қорытындысы бойынша байқауға қатысу үшін жолдағаны туралы білім бөлімі басшысы бұйрығының көшірмесі;
- Қатысушылар жөніндегі мәлімет (Т.А.Ә., оқу орны және білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, номинациясы, жұмыс тақырыбы, команда жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефон номері);
- Жеке бас куәлігінің көшірмесі;

4. Байқау өткізу тәртібі

1. ДЗЖ кемінде үш ай көлемін қамтиды. Мұғалімдердің қанша рет зерттеу жұмысына шыққандығы фотоесептер мен бейнежазбалар арқылы расталады. «Далалық зерттеу жұмыстары» байқауының бағдарламасы 7 бағыт бойынша жүргізіледі:

1. Геологиялық маршрут:

Міндеттері	**- маршрутты топографиялық картаға шығару; - бағыт барысы бойынша геологиялық бақылау жүргізу; - кемінде 5 бақылау нүктесіне сипаттама беру, бақылау; - тау жыныстары қабаттарының, топырақ құрамы элементтерін өлшеу; - тау жыныстары мен қазба қалдықтары үлгілерінің коллекциясын жинау.**		
Қатысушылар саны	3	Қорғау уақыты	**3 мин**
Қатысушылардың маршрут кезінде қолданатын құралдары			
Компас, геологиялық балға, рулетка, лупа, 10% тұз қышқылы ерітіндісінің флаконы, транспортир, ұшашқыш, карандаш пен қалам, қағаздар, үлгілерді салуға арналған қапшықтар, этикеткалар. Тиісті киім үлгісі (бас киім, қорғаныс көзілдіріктер, жабық аяқ киім).			

2. Геологиялық кесік:

Міндеттері	**Карта масштабында геологиялық қиманы құру және типтік талаптарға сәйкес оны ресімдеу.**		
Қатысушылар саны	1	Қорғау уақыты	**3 мин**
Қажетті құралдар			
- кесік сызығымен топографиялық негіздегі геологиялық карта; **- қиманы құруға арналған миллиметрлік қағаз;** **- есеп карточкасы**		**сызғыш, транспортир, түрлі түсті және кәдімгі қарандаштар, өшіргіш, циркуль, өлшеуіш (измеритель).**	

3. Палеонтология:

Міндеттері	**- Қазба қалдықтарын, олардың жасын және мекендеу ортасын анықтау.**		
Қатысушылар саны	1	Қорғау уақыты	**3 мин**
Қажетті құралдар			
лупа, 10% тұз қышқылы ерітіндісінің флаконы, пышақ, карандаш пен қалам.			

4. Минералогия және петрография:

Міндеттері	**- 3 минералды анықтау және сипаттама беру;** **- 2 тау, топырақ жынысын анықтау және сипаттама беру.**		
Қатысушылар саны	1	Қорғау уақыты	**7 мин**
Қажетті құралдар			
Қалам, минералдарды снқтауға арналған қосалқы құралдар (шкала Мооса, лупа, қышқыл, магнит, шыны, фарфор пластинка)			

5. Радиометрия:

Міндеттері	**- Радиометриялық бақылау жасау;**		
Қатысушылар саны	2	Қорғау уақыты	**7 мин**
Қажетті құралдар			
- рулетка **- радиометр СРП-68-01**	**- киім, бас киім, қағаз, қалам, қарандаш, өшіргіш, калькулятор**		

6. Гидрология:

Міндеттері	**- суға гидрологиялық бақылау жасау;** **- гидрометриялық өлшемдер мен есептер;**		
Қатысушылар саны	2	Қорғау уақыты	**7 мин**
Қажетті құралдар			
- рулетка **- өлшеу сырығы** **- секундомер**	**- киім, бас киім, аяқ киім, қағаз, қалам, қарандаш, өшіргіш, калькулятор**		

7. Геологиялық ескерткішке сипаттама беру:

Міндеттері	**1.Геологиялық ескерткішке сипаттама беру;** **2. Өлке аумағында геологиялық ескерткіштердің орналасу картасын ұсыну**		
Қатысушылар саны	**2**	**Қорғау уақыты**	**7 мин**

5. Байқау қатысушыларын марапаттау

5.1. Жеңімпаздар Білім басқармасының дипломдарымен және сыйлықтармен марапатталады.

6. Байқауды қаржыландыру

1. Байқаудың аудандық және қалалық кезеңдерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.
2. Байқауға қатысушылардың іс-шара өткізілетін жерге жететін және қайтатын жол ақысы және жолдағы тамақтануы байқауға жіберуші жақтың тарапынан төленеді.